

8D08171 – «Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Ахмедова Гульмира Байгенжевнаның «Жарма өнеркәсібіне арналған өнімділігі және сапасы жоғары арпаның бастапқы материалын жасау» тақырыбында дайындалған диссертациясына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы өндірісінің басты міндеттерінің бірі – жыл сайын құбылып отыратын климаттық жағдайларға қарамастан, астық өндірісінің тұрақтылығын қамтамасыз ету болып отыр. Бұл міндетті шешудің тиімді жолдарының бірі – нақты аймақтың агроэкологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жергілікті селекциялық жұмыстар негізінде бейімделгіш, өнімділігі жоғары, экологиялық пластикалы жаңа сорттарды шығару. Себебі, әрбір аймаққа тән күрделі және көп факторлы қолайсыз орта әсерлерін тек интродукция арқылы еңсеру мүмкін еместігі ғылыми тұрғыда дәлелденген.

Соңғы жылдардағы климаттық өзгерістер мен су ресурстарының азаюына байланысты Қазақстан алдағы онжылдықтарда су тапшылығы мәселесіне тап болуы ықтимал екендігі болжануда. Сондықтан, суармалы егіншілік жүйесінде суды көп қажет ететін күріш тәрізді дақылдардың үлесін қысқартып, олардың орнына суға талапшылдығы төмен, бейімделгіштік әлеуеті жоғары, соның ішінде жармалық және малазықтық бағыттағы дақылдарды енгізу қажеттілігін туындатады. Мұндай дақылдардың қатарында арпа ерекше орын алады. Арпа – тұзға және құрғақшылыққа төзімділігімен, қысқа вегетациялық кезеңімен, жоғары қоректік құндылығымен ерекшеленетін стратегиялық маңызды дақыл.

Осы бағытта Ахмедова Гульмира Байгенжевнаның жүргізген ғылыми зерттеулердің маңызы зор. Ол Қазақстанның Арал өңіріндегі агроклиматтық және экологиялық ерекшеліктерді жан-жақты талдай отырып, осы өңірге бейімделген, жармалық бағыттағы жаздық арпаның селекциялық негіздерін ғылыми тұрғыда айқындады. Зерттеу барысында тұзға және құрғақшылыққа төзімді жаңа үлгілер іріктеліп, олардың негізінде селекция үшін құнды бастапқы материал қалыптастырылды. Сонымен қатар, аймақтың шектеуші факторларына бейімделген, жоғары өнімді арпа сортының моделі әзірленіп, тәжірибелік селекцияға ұсынылды. Бұл жұмыс еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және климаттық тұрақсыздық жағдайында ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыруда ерекше маңызды ғылыми үлес болып табылады.

Автор Қазақстандық Арал өңірі күріш жүйесінің тұзданған топырағы жағдайында алғаш рет қабықшасыз арпаның селекциялық процессі бойынша қажетті питомниктер қалыптастырды. Арпаның әлемдік коллекциясын зерттеу нәтижесінде аймақтағы селекциясының тиімділігін арттыру үшін құнды көздері ерекшеленіп, ұсынылды.

Диссертант мақсатты орындау барысында жарма бығытына арналған жаздық арпа сорт үлгілерінің өнімін түзуге үлесін қосатын өзгергіштік, анықтылық және тұқым қуалағыштық қасиеттерін анықтады. Зерттелген материалдардың сандық қасиеттерінің нұсқалағышы негізінде будандастыру кезінде бастапқы форма болуға жарайтын адаптивті және экологиялық икемді генотиптер анықталды. Сонымен қатар, селекцияның алғашқы сатысында іріктеу жұмыстарын қолайлы жүргізу үшін

өсімдік биіктігі, масақ ұзындығы, масақтағы гүлдер саны және 1 м² жердегі масақ саны белгілер анықталып практикалық селекцияда кең қолдануға ұсынылды.

Диссертанттың зерттеулері нәтижесінде жергілікті жағдайларға бейімделген, тұрақты ақуыз мөлшері (16%-дан жоғары) мен жоғары өнімділікке ие құнды бастапқы материал іріктелді. Протеин деңгейі генотиптердің экологиялық шығу тегі мен өсіп-өну жағдайларына тәуелді екені анықталды. ИКАРДА коллекциясынан алынған тағамдық бағыттағы жоғары өнімді жалаң дәнді формалар негізінде 27 линиядан тұратын гибридік материал құрылып, олар қазіргі таңда конкурстық сортсынауға сынақтан өтуде. Бұл зерттеудің практикалық маңызы мен селекциялық әлеуеті жоғары.

Автор Қазақстандық Арал өңірінің топырақ-климаттық және агроэкологиялық жағдайларды ескере отырып, осы аймаққа бейімделген, жоғары өнімді әрі сапалы өнім беретін қабықшасыз арпа сортын моделдеу бағытында ғылыми негізделген жұмыс жүргізді. Модельдеу барысында аймақтың су ресурстарының тапшылығы, топырақтың тұздану деңгейі, температуралық ауытқулар мен қысқа вегетациялық кезең сияқты шектеуші факторлары ескерілді. Ұсынылған модель жарма өндіруге бейім, тұзға және құрғақшылыққа төзімді, тұрақты ақуыз құрамымен ерекшеленетін арпа сорттарын селекциялау үшін негіз бола алады. Бұл зерттеу нәтижелері аймақтағы ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс ғылыми-біліктілік талаптарына толық сәйкес келетін маңызды, мазмұнды әрі кәсіби деңгейде орындалған зерттеу болып табылады. Диссертация нәтижелері 13 ғылыми мақалада жарияланған, оның 6-ы ҚР ҒЖБМ БҒСБК ұсынған басылымдарда, 1-і Scopus деректер базасына кіретін журналда, 2-і халықаралық конференция материалдарында және 3-і РИНЦ базасындағы журналдарда жарық көрген.

Осылайша, Ахмедова Гульмира Байгенжеvnаның ұсынылып отырған «Жарма өнеркәсібіне арналған өнімділігі және сапасы жоғары арпаның бастапқы материалын жасау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының өзектілігі және ғылыми жаңалығы, практикалық маңызы, құрылымы және безендірілуі жағынан 8D08171 – «Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді деп есептеймін және аталған жұмысты Диссертациялық Кеңесте қорғауға ұсынамын.

«Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті» КеАҚ,
«Аграрлық технологиялар» БББ-ның
профессор-зерттеушісі,
а.ш.ғ.д., профессор:

Тохетова Л.А.

қолды РАСТАЙМЫН
ЗАВЕРЯЮ подпись



2025жыл